



ПРИОЗЕРСКИЙ Вестник

№ 12/760

2022 жылғы 25 наурыз, жұма

18+

Газет 2004 жылдың 26 маусымынан бастап шығады

Наурыз мейрамы тойланды

ҚОШ КЕЛДІН, ӘЗ НАУРЫЗ!

Қаламызда ұлттық құндылықтарымыздың бірінен саналатын Наурыз мейрамының кіріп келу құрметіне арналған «Қош келдің, Әз-Наурыз!» атты қала тұрғындарына арналған үш бөлімнен тұратын театрландырылған көрініс пен концерттік бағдарлама «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында болып өтті.



Мейрамнан бірнеше күн бұрын мереке өткізілетін үлкен алаң маңайы кенеттен жауған қардан, қоқыстан тазартылып, мерекеге сай безендіру жұмыстары басталып кеткен еді. Ұлық мейрамды асыға күткен қала тұрғындары меркелік алаңға күннің салқындығын елемей, ертрек жинала бастаған. Ұлттық нақыштағы, ертегі әлемін елестетін әртүрлі ағаш мүсіндер, түрлі-түсті оюлармен безендірілген көздің жауын алатын бірнеше киіз үй, көлік тіркемесіне айықталып жасандырылған сахна – мұның бәрі үлкендер түгіл, балаларды мез-майрам етіп, көңілдерге қуаныш сезімін ұлатты. Алаңның шет жағында пісірілген бауырсақ, қайнатылған көже, асылған палаудың қош иісі танауды жарады. Меркелік іс-шара аясында қала тұрғындары үшін меркелік түскі ас ұйымдастырылды. Приозерск тұрғындары үшін 1000 келі палау, 580 литр Наурыз көже, 190 келі бауырсақ және т. б. тағамдар дайындалды. Меркелік, ұлттық тағамдармен жалпы 5000-нан астам қала тұрғындары қамтылды. Жалпы, қала тұрғындары мен қонақтары көктемгі ежелгі Наурыз мерекесін үлкен қуанышпен еске алуда және бұл мейрам ұзақ уақыт жадымызда қалары сөзсіз!

Қала тарихында бұрын-соңды алаңның мұндай әдемі, керемет безендірілгенін көрмеген жұрт таңдай қаға тамсанып жатты. Сырттан келген қала қонақтарының таңданысымен қатар, қала басшылығына айтқан рахмет-алғысы мен ризашылығы шексіз болды. Мейрамның жоғары деңгейде өтуі және алаңсыз тойлануы үшін қауіпсіздік шараларына аса көңіл бөлініп, өрт сөндіруші және жедел жәрдем көліктері таңертеңнен бастап тиісті орындарына жайғасты. Мейрам сахнасы дер кезінде өз шымылдығын ашты. Мейрамды тойлауға келген қала тұрғындары сахна алдына жиналып, жүргізушілердің ашылу салтанатына арналған жырларын тындады. Бұдан кейін ортаға қазақтың атам заманнанғы жеңсік астары – табакқа салынған қазы, шұжық, ет көтерген Ақ өже өленде шыққанда, сансыз шапалақтар мейрамның сәні мен маңызын арттыра түсті. Екі жақтан қыз-келіншектер қолдарына бір-бір тостақандардағы сүт, тұз, су, құрт, тары, жайма, сұлы, жүгері ұстап сахнаға беттегенде, жиналғандардың қошеметі арта түсті. Әйел-қыздардың өлең жолдарымен айтқан тілектері адамның делебесін қоздырып, әр денеді ұлттық рух ояндды.

Ақ Әженің бата-тілегінен кейін әйел-қыздар мейрамға жиылған қауымға көже тарату, дәмнен ауыз тигізу рәсімдеріне жөнелді. Оқушы балалалар ұлттық дәстүрімізде

өзіндік орны бар «Жарапазан» әнін орындады. Ал, қазақтың қандай да бір жиын-тойы, қуаныш-мейрамы айтыссыз өтпеген ғой. Балжан ақынмен айтысуға № 1 мектептің жоғарғы сынып оқушысы Мархабат шығып, жеңге мен қайні айтысының көрігін қыздырды. Жарасымды әрі ұнамды қалжыңмен өрілген қайым айтыс өлеңдеріне көрермен қошеметтеп қол соғып тұрды. Жыл мезгілдерінің қыс айларындағы желтоқсан, қаңтар және ақпан айларының рөлін сомдап шыққан өнерпаздардың көрінісі көктем айының келгенінен нышаны еді. Сикырлы әуенмен сахнаға көтерілген Ақ сәлделі Қызыр баба жиылған жұртқа бата берді.

Наурыз мейрамының екінші бөлімі «Достық» балалар мен жасөспірімдер орталығының «Вдохновение» би тобының «Кең дала» қазақ биімен ашылды. Ұлыстың Ұлы күні аталған Наурызда еңбектерің өнімді боп, тілектерің қабыл боп, жаңа жылда, жаңа үміт, жаңа тіршілікпен барлық жақсы ниет-тілектерің қабыл болсын!, - деген игі тілектен кейін

Наурыз мейрамы өлең-жырсыз өткен бе, сірә?! Ақын Нұрғали Қарабектегінің Наурызға арналған өлеңдерін өзі және қос немересі – Бекболат Ерғали мен Аян Алдоңғар оқыды. Концерттік бағдарламада ән қалықтап, күй төгілді, би биленіп, көңілдер көтерілді.

Қазақ-қазан көже мен палаудан дәм татқан қуанышты қауым әртүрлі спорттық сайыстарды тамашалаудан да құр қалмады. 50 келілік қап, қой көтеру, жілік шағу сайыстары сахнада көрсетілсе, спорттық сайыстар армрестлинг, күрес, арқан тарту ойындары алаң шетінде жалғасып жатты. Сонымен бірге «Берекелі Наурыз. Қазақтың ұлттық тағамы – Наурыз көже, «Наурызға көрік берген сұлу сән» атты қазақ неофольклорлық әйелдер киімі, «Дәмді Наурыз» атты кондитерлер, сәнді шаш өрімі бойынша «Сұлушаш» байқауы, «Ұлттық құндылықтар – Ұлт қазынасы» атты көлемді пішіндер байқауы және қазақтың көне тағамдары мен тәтті дәмдер, ең дәмді «Наурыз көже» байқаулары өткізіліп, күннің үшінші бағдарламасына орай қала өнерпаздарының қатысуындағы мейрам құрметіне арналған концерттік бағдарламамен жалғасын тапты. «Бесікке салу», «Тұсау кесу» және «Қырқынан шығару» секілді ұлттық жөн-жоралғылар мен салт-дәстүрлеріміз халықтың назарына ұсынылды.

Диас Төкенге бұйырды. Осы турнирдің 55 келі салмағы бойынша 1-орынды Жұмабек Исламбек, 2-орынды Жұмабек Бейбарыс, 3-орынды Ильяс Назамов еншіледі. Қазақ күресі турнирінің қорытындысы бойынша 75 келі салмақ дәрежесінде 1-орын мен 150 мың теңгені Алмас Байділдинов жеңіп алса, 2-орын мен 100 мың теңге Қуанған Бертлекке, 3-орын мен 70 мың теңге Тілеуберген Ернұрға тиесілі болды. Турнирдің ерлер арасындағы +75 салмақ дәрежесі бойынша 1-орын және 200 мың теңгеге Амантаев Самат, 2-орын мен 150 мың теңгеге Нұрекеев Ақсұңқар, 3-орын және 100 мың теңгеге Кожин Мәулен ие болды. Қол күресінің нәтижесі бойынша ерлер арасындағы 1-орын және 50 мың теңгі сыйлық Шашалов Мәуленге, 2-орын мен 30 мың теңге Исакаев Думанға, 3-орын мен 20 мың теңге Какетаев Ернағға бұйырды. Әйелдер арасындағы қол күресте осы көлемдегі сыйлықтар мен орындарды Есімхан Тоғжан, Елеусізова Әсем және Қалдыбаева Салтанат өзара бөлісті.

Гір тасын көтеруде ерлер арасында Айбек Рахманбаев тағы да топ жарып, 50 мың теңгені жеңіп кетті. 2-3-орында Оспанов Алмас пен Ильтнер Максим көрінді. Осы спорт түрі бойынша әйелдер арасындағы сайыста Қалдыбаева Салтанаттың мерейі үстем болды. 2 және 3-орындар Сыдықова Салтанат пен Артықмұратова Динаға табысталды. Арқан тарту бойынша ерлер арасындағы жарыста 1-орынды Сарышаған құрамасы, 2-орынды 18405 ә/б, 3-орынды № 1 ектеп иеленді. Әйелдер арасындағы сайыста 1-орын 44841 ә/б.нің 2-орын № 2 мектептің, 3-орын 06708 ә/б.нің еншісіне жазылды. Асық ағудан 1-орын Бодыбаев Нұртұған, 2-орын Жұманұратов Бекасыл, 3-орын Ермағамбетов Нұрлан деп танылды. Осы түрдегі жарыста жасөспірімдерден Оразбай Мағжан 1-орынға, Мадиярқұл Ақыл 2-орынға, Абдулла Ақылжан 3-орынға ие болды. Ләңгі тебу бойынша өткен сайыста ерлер арасынан Тұрсынбай Бейбіт озды. 2-орын Сейсенбеков жарқынға, 3-орын Медетов Нұржанға берілді. Жасөспірімдер арасында үш орынды Батырбаев Азамат, Жүнісов Дінмұхамед және Танжарықов Тұрсымұраттар бөлісті.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамына орай ұйымдастырылған байқаулардың бірі – «Берекелі Наурыз. Қазақтың ұлттық тағамы – Наурыз көже» байқауы. Аталмыш байқауда қала мекемелерінің қызметкерлері дайындаған Наурыз көжелер ұсынылып, сынға түсті. Байқау қорытындысына сәйкес 1-орынды «Балақай» бөбекжайының қызметкері Н.Шантиева жеңіп алса, жүлделі 2 және 3-орындар «Айналайын» бөбекжайы мен 06708 әскери бөліміне берілді. Конкурс жүлдегерлеріне бағалы сыйлықтар табыс етілді. Әз-Наурыз мейрамын мерекелеу барысында «Дәмді Наурыз» атты кондитерлер байқауы өткізілді. Қатысушылар өздерін қолдан шыққан керемет тәтті торттарын қазылар



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА НАУРЫЗ-МЕРЕКЕСІН ТОЙЛАУЫ

сахнаға Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайркенұлы Сатаев шығып, қала тұрғындарын, құрметті қонақтарды Наурыз мейрамымен құттықтады және Наурыз мейрамына орай қаламыздың дамып, өркендеуіне үлесін қосып жүрген азаматтарды марапаттау рәсімінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2021-жылғы 2-желтоқсандағы Жарлығы бойынша «Халық алғысы» медалімен Приозерск қаласы орталық ауруханасының директоры Бек Тәңірбергенұлы Жарылғапов, Приозерск қаласының полиция бөлімі жергілікті полиция қызметінің бастығы Кемалаш Әбдімұратұлы Байкешов және Приозерск қаласы орталық ауруханасының анестезиолог-реаниматолог дәрігері Дәурен Ермекұлы Елемесов марапатталады. 10-Сарышаған сынақ алаңының 03080 әскери бөлімінің командирі Казаков Алексей Викторович пен қалалық мешіттің имамы Дәуіт Серікқалиұлы Қожахметов қала тұрғындарын Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Мейрамның ресми бөлімдері аяталған соң кезек меркелік ән-шашуға беріліп, сахнаға қаламыздың жезтаңдай әншісі Айғанша Болысова «Наурыз думан» әнін әуелетті.

Осындай ғажайып мейрамда, ақ түйенің қарныны жарылатын күнде әртүрлі жарыстар мен сайыстар бәсекесі өтуі заңдылық. Қала әкімдігіне қарасты мекемелер тарапынан ұйымдастырылған ұлттық ойындар нәтижесін бағалаған қазылар алқасының шешімі бойынша жеңімпаздарға марапаттар мен қаржылай сыйлықтарды қала әкімі табыстады. Атап айтқанда, қой көтеруде алдына жан салмаған сарышағандақ қонақ Айбек Рахманбаев жеңіске жетіп, қойды олжалады. Жілік сындыруда жеті жігіттің шамасы келмеген баспақтың тоқпан жілігін бір ұрғанда шашып тастаған Құттымұрат Жалғасбаевтың мерейі үстем болды. Ерлер арасындағы қап көтеруден Рүстем Дәулетбеков, әйелдер арасынан Жанар Қанатова жеңімпаз аталды. Қазақ күресі турнирінің қорытындысы бойынша жасөспірімдер арасындағы 50 келі салмақ дәрежесінде 1-орын Әбілқайыр Әбдімүтәліпке, 2-орын Әділет Қойлыбаевке, 3-орын



алқасына ұсынды. Қазылар алқасы төрт түрлерінен дәм татып, лайықты бағаларын берді. Байқау нәтижесі бойынша жүлделі (соңы 2 бет.)